



94 31.03.2025




**БЕКІТЕМІН**  
**«ОҚМА» АҚ ректоры**  
**Ж.С.Сейтжанова**  
**2025 ж.**

**ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН  
ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДАРЫН  
КОНКУРС БОЙЫНША АУЫСТЫРУ  
ЕРЕЖЕСІ**

**Е 453-2025**

Күні	Көшірме	Басылым
		үшінші

**Шымкент**


ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	Е 453-2025 № 3 басылым 11 беттің 2 беті	

**1. «ОҚМА» АҚ Кадрлық қызмет бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

**2. «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ**


хаттама №11 31.03.2025 ж.

Тексеру кезеңі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 3 беті	

## МАЗМҰНЫ

1.	Нормативтік сілтемелер .....	4
2.	Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар.....	4
3.	Жалпы ережелер .....	4
4.	Қолдану саласы.....	5
5.	Жауапкершілік пен өкілеттік.....	5
6.	Конкурс туралы хабарландыру.....	5
7.	Конкурс комиссиясын қалыптастыру.....	6
8.	Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және қарау.....	6
9.	Конкурсты өткізу тәртібі.....	7
10.	Кафедраларды ұйымдастыру, біріктіру немесе бөлу кезіндегі конкурс мәселелерін шешу.....	9
11.	Шағымдану тәртібі.....	9
12.	Қорытынды ережелер.....	10

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 4 беті	

## 1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 ж. 23 қараша №414-V (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2018 ж. 04 шілде № 171-VI (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы 2015 ж. 18 қараша № 410-V (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 ж. 20 қарашадағы №591 "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін кәсіптік стандартты бекіту туралы" бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- «ОҚМА» АҚ профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің біліктілік сипаттамасы»;
- ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер және сөздік.

## 2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР


Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

- «ОҚМА» АҚ – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;
- ПОҚ – профессорлық-оқытушылар құрамы;
- ҒҚ – ғылыми қызметкер;
- КК – конкурс комиссиясы.

## 3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) профессорлық-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ) және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру Ережесі «ОҚМА» АҚ штат кестесінде (бұдан әрі – штаттық лауазымдар) көзделген конкурсты өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Конкурстық ауыстыруға ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдары және өз лауазымына қайта сайланатындар жатады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 5 беті	

Профессорлық-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын ауыстыру конкурсына қатысу «ОҚМА» АҚ профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарының біліктілік сиптамаларына» сәйкес кәсіптік жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының пәндеріне сәйкес, оның ішінде олардың білімінің сәйкестігі және/немесе оқытылатын пәндердің бейініне академиялық/ғылыми дәрежесі және/немесе ғылыми атағы бар тұлғаларға рұқсат етіледі.

#### **4 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

4.1. Профессорлық-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру Ережесі Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының профессорлық-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурсты өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

4.2. Бұл құжат «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады.

#### **5 ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІК**

Осы Ережелердің талаптарын орындау және түпкілікті нәтижелерінің сапасы бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапкершілік құрылымдық бөлім басшыларына жүктеледі.

#### **6 КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ**


«ОҚМА» АҚ-да профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымы болған жайдайда, «ОҚМА» АҚ конкурс өткізу туралы хабарландыру <https://skma.edu.kz/> web-сайтында «Хабарландыру» бөлімінде кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін Ү 453-01-2025 сәйкес 3 тілде (мемлекеттік, орысша және ағылшынша) орналастырылады.

Конкурс туралы хабарландыруда мынадай ақпарат болуы керек:

- жоо атауы, орналасқан жері, пошталық мекен-жайы және сымтетік нөмірі, «ОҚМА» АҚ <https://skma.edu.kz/> web-сайты;
- ПОҚ және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарының атауы;
- құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты.

Хабарландыруда Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қосымша мәліметтер болуы мүмкін.

Бос лауазымдар конкурсына өтінімдер – хабарландыру жарияланған

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 6 беті	

күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірілмей беріледі.

Конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты жоо-ның лауазымды тұлғасының өтінімді қабылдаудан бас тартуы, үміткер ұсынған құжаттар осы Ережеге сәйкес келмеген жағдайда немесе өтінім беру мерзімдерін бұзған жағдайда орын алуы мүмкін.

## 7 КОНКУРС КОМИССИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын ауыстыру жөніндегі конкурс комиссиясының (бұдан әрі – конкурс комиссиясы) саны, дербес құрамы және оның өкілеттіктерінің мерзімдері «ОҚМА» АҚ ректорының тиісті бұйрығымен айқындалады және бекітіледі.

Конкурс комиссиясы конкурсты өткізудің формасын, тәртібін, мерзімін айқындайды, конкурстық құжаттаманы талдайды, конкурс нәтижесі бойынша шешім қабылдайды.

Конкурс комиссиясының негізгі міндеттері:


- конкурсқа қатысуға барлығына тең мүмкіндіктер беру;
- конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- конкурсты өткізудің объективтілігінің, жариялылығының сақталуын қадағалау;
- конкурс комиссиясы отырыстарының кестесін анықтау;
- конкурс құжаттамасына талдау жүргізу;
- конкурстың қорытындысы бойынша шешім қабылдау.

Конкурс комиссиясы келесі құрамда құрылады: конкурс комиссиясының төрағасы – проректор, төраға орынбасары – проректор немесе құрылымдық бөлім басшысы, хатшы – штаттық қызметкер және үш адамнан кем емес («ОҚМА» АҚ штаттық жұмыскерлері немесе ғылыми қызметкерлері ішінен) комиссия мүшелері, кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі, құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ жұмыскерлерінің өкілі.

## 8 КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

Конкурсқа қатысуға өтінім берген тұлғалар, оның ішінде «ОҚМА» АҚ ПОҚ және ғылыми қызметкерлері, мыналарды қоспағанда, қатысуға жіберіледі:

- толық емес және сағаттық төлемақы шартымен жұмыс істейтін тұлғалар;
- жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру кезеңіне қабылданған;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 7 беті	

- жүкті әйелдер (жүктілік туралы анықтама міндетті түрде тапсыру);
- зейнет жасындағы жұмыскерлер;
- колледж оқытушылары.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар «ОҚМА» АҚ ректорының атына Ү 453-02-2025 сәйкес өтініш береді. Өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

- кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
- өмірбаян;
- жоғары білімі, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атағы туралы құжат және салыстыру үшін түпнұсқалары;
- соңғы 5 жылдағы қайта даярлау, педагогикалық және мамандандырылған біліктілікті арттыру (бар болса) туралы куәліктердің көшірмелері (салытырып тексеру үшін түпнұсқалары);
- Ү 453-03-2025 сәйкес ғылыми жұмыстар мен өнертабыстар (бар болса) тізімі;

Конкурсқа алғаш рет құжат тапсыратын қатысушыларға келесі анықтамаларды ұсыну қажет:

- жеке медициналық кітапшасы;
- тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті берген жазбалар бойынша мәліметтердің бар немесе жоқтығы туралы анықтама;
- «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша наркологиялық ұйымнан конкурсқа қатысушы есепте тұрмағаны туралы анықтама;
- «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша психоневрологиялық ұйымнан конкурсқа қатысушы есепте тұрмағаны туралы анықтама;
- ағылшын тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификаттар.


Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (ғылыми басылымдар тізімі, бұрынғы жұмыс орны басшылығының ұсыныстары және т.б.) ұсынуға құқылы.

## 9 КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Конкурс келесі кезеңдерден тұрады:

- конкурсқа қатысушылардың – үміткерлердің өтініштерін қарау;
- конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;
- конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдау және тіркеу



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 8 беті	

(комиссия хатшысы);

- конкурстың өтетін күні мен орнын анықтау;
- комиссия отырысын ұйымдастыру;
- конкурстың қорытындысын шығару.

Конкурсқа қатысушы болып хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін қажетті құжаттарды тапсырған тұлғалар саналады.

«ОҚМА» АҚ-ның ПОҚ және ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына конкурс үміткерлер қызметінің нәтижелерінің талдамалық қорытындысы негізінде әңгімелесу түрінде өткізіледі, қосымша:

- кафедра меңгерушілері үшін - білім беру бағдарламаларының ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесі бойынша презентацияны ұсыну;

Әңгімелесу кезінде кәсібилік деңгейін анықтау үшін әрбір лауазым бойынша біліктілік сипаттамаларына сәйкес білім деңгейі анықталады.

Әңгімелесудің мақсаты – жоғары оқу орнының біліктілік сипаттамалары мен ерекшеліктерін ескере отырып, үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау.

Әңгімелесу нәтижелері Ү 453-04-2025 сәйкес бағалау парағына енгізіледі.

Осыдан кейін конкурс комиссиясы профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурстық іріктеу жүргізу үшін ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ашық дауыс беру кезінде конкурс комиссиясының шешімін бағалау парақтарының нәтижелері бойынша конкурс комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурс комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурс комиссиясының отырысы, конкурс комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.


Талқылау барысы және конкурстық комиссияның қабылдаған шешімі хаттама түрінде рәсімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қояды. Конкурсстық комиссия мүшелерінің ерекше пікірі болған жағдайда, олар оны жазбаша түрде баяндап, хаттамаға қоса тіркейді.

Жасырын дауыс беру кезінде конкурс комиссиясы Ү 453-05-2025 (бұдан әрі – Бюллетень) сәйкес лауазымға конкурстық іріктеу үшін кандидатты жасырын дауыс беру бюллетеніне енгізу туралы шешім қабылдайды.

Кандидатпен келісу немесе келіспеу әр кандидаттың аты-жөнінің қасында «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздермен көрсетіледі. Бір лауазымға екі немесе одан да көп үміткерлер конкурстық іріктеуге қатысқан жағдайда, бірде-бір аты-жөні сызылмаған бюллетень жарамсыз деп танылады.

Жасырын дауыс беру басталғанға дейін конкурс комиссиясы дауыстарды санау үшін комиссия құрамынан кемінде үш мүшесінен тұратын есеп



ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 9 беті	

комиссиясын сайлайды. Есеп комиссиясы әрбір кандидат бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялайды. Есеп комиссиясының хаттамасын конкурс комиссиясы бекітеді және конкурс материалдарына қоса беріледі.

Егер дауыс беруге комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, конкурс комиссиясының шешімі конкурс кезінде заңды болып табылады.

Кандидат оң қорытындыны, оған дауысты комиссияға қатыскандардың көпшілігі берген жағдайда алады.

Конкурс комиссиясының жасырын дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі, егер ол осы Ережеге сәйкес қабылданса, түпкілікті болып табылады.

Жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша конкурс комиссиясы бос лауазымға орналасуға әрбір үміткерге еңбек шартын жасау үшін «жоо ректорына ұсынылады» немесе «жоо ректорына ұсынылмайды» деген сөздермен ұсынымдар дайындайды.

Хатшы конкурсқа қатысушыларды конкурс комиссиясының шешімімен таныстырады.

Еңбек шартын жасау конкурс комиссиясының отырыстары аяқталғаннан кейін және жоғары оқу орнының ректорының шешімінен кейін, бірақ 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарының ПОҚ және ғылыми қызметкерлері лауазымдарына орналасуға конкурс нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

## **10 КАФЕДРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, БІРІКТІРУ НЕМЕСЕ БӨЛУ КЕЗІНДЕГІ КОНКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ**


Кафедраларды ұйымдастыру, біріктіру немесе бөлу кезінде, осы лауазымға бұрын конкурстан өткен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін конкурстық ауыстыру мерзімі сақталады.

## **11 ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ**

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар конкурс комиссиясының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы:

- «ОҚМА» АҚ ректоры конкурс комиссиясының шешіміне келіп түскен шағымды қарайды және осы Ереже бұзылған жағдайда тиісті шешім қабылдайды;

- «ОҚМА» АҚ ректорының шешімі конкурс комиссиясының отырысында қарайды. Осы отырыста конкурс комиссиясы бұрын қабылдаған шешімінің күшін жояды немесе оны өзгеріссіз қалдырады. Конкурс комиссиясы «ОҚМА» АҚ ректорын және шағым берген конкурсқа қатысушыны шешім қабылданған күннен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 10 беті	


бастап бес күн ішінде қабылданған шешіммен таныстырады;

- конкурс комиссиясы бұрын қабылдаған шешімінің күшін жойған жағдайда, комиссия отырысын өткізу рәсімі сол кандидаттар мен өтініш берушілердің қатысуымен жаңадан жүзеге асырылады.

## 12 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1 Осы Ережені, Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Ғылыми кеңес қабылдайды және «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді және қолданысқа енгізіледі.

12.2 Осы Ережені «ОҚМА» АҚ қызметкерлерімен таныстыру, жұмыс жасау және орындау үшін <https://skma.edu.kz/> ресми сайтында орналастырылады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кадрлық қызмет бөлімі	Е 453-2025	
Профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурс бойынша ауыстыру ЕРЕЖЕСІ	№ 3 басылым 11 беттің 11 беті	

**Әзірлеген:**

Қызметі	Т.А.Ж.
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.

**Тексерген:**

Қызметі	Т.А.Ж.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

**Келісілген:**

Қызметі	Т.А.Ж.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Есиркепов М.М.
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.У.
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.
Тәрбие жұмыстар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Сәлім Е.Қ.
Комплаенс-офицер	Пернебаев Н.А.